

БЕКІТЕМІН
ЖШС«Балдырган»
балабақшасының
менгерушісі
Э.Е.Нурова _____

Қамқоршылық кеңесінің

2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 отырыс 1.Қамқоршылық ережесімен таныстыру 2.Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатысын сайлау 3.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту	Ұйымдастыру жұмыстары	қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Менгеруші
2	№2 отырыс 1.Қайырымдылық акция жұмыстарын аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетуді ұйымдастыру 2.Балалардың шырша мерекесіне толық қатысуы мен Аяз ата сыйлықтарын ұйымдастыру	Бақылау	желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Менгеруші
3	№3 отырыс 1.Наурыз мерекесін өткізуді ұйымдастыру,сапасын бақылау 2.Көктемгі көмек аз қамтылған отбасын зерделеу жұмыстарын жүргізу	Бақылау	наурыз	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама №1

Өткізілетін уақыт: 06.09.2021жыл

Өткізілген орны: ЖШС«Балдырган» балабақшасы

Отырыстың басталуы: 14:00

Отырыстың аяқталуы: 15:00

Қатысқан адам саны: 5

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жұмысымен танысу.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарының бағыттары мен мақсаттары

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша меңгерушісі Э.Е.Нурова сөз алып; -Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрықтармен таныстырып өтті; Қамқоршылық кеңесінің нұсқауымен және кейбір тарауларын оқып таныстырды.

Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік орындарына Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне, мемлекеттік емес білім беру ұйымдарында құрылатындығын, қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігіне, ата-аналар комитетімен және жеке заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтындығы туралы айтып өтті.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттік орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Қамқоршылық кеңестің құрылымындағы бір кісінің басқа қалаға көшуіне байланысты жаңа мүше сайлау туралы хабарландыру орналастыру .

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, кемінде 5 адамнан тұрады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілетті мерзімі үш жыл. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңес хатшысы- бөбекжай бақша әдіскері Жангабылова А.М.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы жұмыс жоспарымен таныстырды, ал мүшелері сол жоспармен келісті. Жұмыс жоспары бекітілді.

Қаулы:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жұмысымен танысу.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын құру және бекіту, одан әрі жандандыру
3. Балабақша базасын нығайтуға үлес қосу,оның қызметіне бақылау жасау кеңес мүшелерінің міндеттері.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Э.Е.Нурова

Хатшы:

Жангабылова А.М.

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама №2

Өткізілетін уақыт: 21.12.2021 жыл

Өткізілген орны: ЖШС «Балдырган» балабақшасы

Отырыстың басталуы: 14:00

Отырыстың аяқталуы: 15:00

Қатысқан адам саны: 5

Күн тәртібінде:

1. Қайырымдылық акция жұмыстарын аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетуді ұйымдастыру .
2. Балалардың шырша мерекесіне толық қатысуы мен Аяз ата сыйлықтарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша қамқоршылық кеңес төрағасы сөз алып алғашқы сұрақ бойынша қысқаша мәлімет берді.

- Бөбекжай бақша қызметкерлеріне аз қамтылған отбасыларын анықтауды тапсырған болатын. Аз қамтылған отбасы бар, болған күнде де заттай көмектен алмайтындықтарын мәлімдеді.

Жарыс сөздер :

-Әрине, заман талабына сай ма әлде ұялды ма заттай көмек көрсетеміз дегенге алаңсыз қарсы болды..

-Жақсы ойланып іске алынған дүние екен.

-Ата ана ұялған шығар ,бірақ ақшалай көмекке қарсы еместігін айтты .

Екінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі Жангабылова А.М. балабақша алдына қойған жылдық міндеттері мен мақсаттардың бірі ол балаларға қызықты шырша ертеңгілігін атап өту. Мерекелік іс шаралар, ертеңгіліктер өтіліп отырады.

Жарыс сөздер:

- Қамқорлық кеңесінің төрағасы балабақша құрылтайшысы хабарласып бүкіл балабақша балаларына жаңа жылдық сыйлықтарды өз қаржысына алатындықтарын, ата анадан ақша жинамау керектігін ескертті деді.

Қаулы:

1.Қамқоршылық кеңесінің шешімімен он ата ана ұйымдастырылған акция бойынша бөбекжай бақша ата аналары заттай берілетін көмекке қарсылық білдірді.

2.Балалардың жаңа жылдық мерекесіне бөбекжай құрылтайшылары арнайы киім тіккізуде. Аяз ата сыйлығын барлық балаға құрылтайшы жасайтын болды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Э.Е.Нурова

Хатшы:

А.М.Жангабылова

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама №3

Өткізілетін уақыт: 03.03.2022 жыл

Өткізілген орны: ЖШС «Балдырған» балабақшасы

Отырыстың басталуы: 14:30

Отырыстың аяқталуы: 15:30

Қатысқан адам саны: 5

Күн тәртібінде:

1. Балалардың наурыз мерекесін ұйымдастыру.
2. Көктемгі қайырымдылық көмегін аз қамтылған отбасы балаларына көрсетуді ұйымдастыру .

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары Жангабылова А.М. балабақша алдына қойған жылдық міндеттері мен мақсаттардың бірі ол балаларға қызықты наурыз мерекесін атап өту. Мерекелік іс шаралар балалар, ата ана, ұжым болып өтуді ұсынды.

Екінші сұрақ бойынша аз қамтылған отбасыларын анықтауды тапсырған болатын. Аз қамтылған отбасы бар, болған күнде де заттай көмектен алмайтындықтарын мәлімдеді.

Жарыс сөздер :

- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы бүкіл балабақша балалары, ата аналар ұжым болып наурыз мерекесін кең ауқымды етіп өткізу керек екендігін айтты. Ақша жинаудың қажеті жоқ, үйден алып келсе болды.
- Әрине, заман талабына сай ма әлде ұялды ма заттай көмек көрсетеміз дегенге алаңсыз қарсы болды..

-Ата ана ұялған шығар ,бірақ ақшалай көмекке қарсы еместігін айтты .

Қаулы:

1. Балалардың наурыз мерекесіне дастархан қазақи нақышта болсын, ата анадан ақша жиналмасын
2. Қамқоршылық кеңесінің шешімімен ұйымдастырылған акция бойынша бөбекжай бақша ата аналары заттай берілетін көмекке қарсылық білдірді

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Э.Е.Нурова

Хатшы:

А.Н.Жангабылова

ЖШС «Балдырган» балабақшасы

2021 жыл қыркүйек

БҰЙРЫҚ

Қамқоршылық кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ЖШС «Балдырган» балабақшасында Қамқоршылық кеңесі құрылсын.
2. Қамқоршылық кеңес құрамы бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңес жұмысы ұйымдастырылып №355 бұйрықты басшылыққа ала отыра жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Э.Е.Нурова

Хатшы:

А.М.Жангабылова